

«Нурий» жеке балабақшасы

Бекітемін: 
Балабақша меңгерушісі: Л.Бақешова

Тексерілді: 
Балабақша әніскері: А.Дайыбыл

Қарттарым асыл қазынам!

«Зерде» тобы

Тәрбиеші: Сағындықова М.

2024 жыл

«Қарттарым асыл қазынам!»

Мақсаты: Өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден гибрат алуға үйрену. Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: отбасы мүшелерінің суреттері, слайд, видеоролик.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбер:

Есенсіз бе, ұлағатты қарттарым,
Бабалардың бойға жиған салттарын
Өзіңіздей ұлағатты болуға,
Өсиетіңді жүрегімде сақтадым.

Тәрбиеші: Жарайсындар рахмет. Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде қанша ай бар? (үш ай бар)

Атайықшы? (Қыркүйек, Қазан, Қараша)

Дұрыс айтындар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болады? (Білім күні)

Жарайсындар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар білесіндер ме? (Ұстаздар күні,

Республика күні)

Дұрыс айтасындар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да мерекелер бар.

Ол 1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу қызметіміз қарттар күніне арналмақ. Мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Жұмбақ:

Айтары мол гұлама

Көп жасаған бұл адам

Әкесі ол әкесінің

Білер оны сұраған

Ол кім (Ата)

Аймалайды «Күнім» деп,

Мейірімді жүзі күлімдеп

«Тәтті –ақ» дейді немере,

Бал шырындай үнің деп

Ол кім? (әже)

бір сөзбен қалай атаймыз? қарттар дей
Дұрыс айтасыңдар балалар. — «Ақылды қария-ағып жатқан дария» деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса, біз соның жапырағымыз. Адам өмірдегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейрімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта білуіміз керек.

Ал енді осы атамыз бен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)
Балалар анамыздың әкесі, анасы сендерге кім балады? (нағашы ата, нағашы әже)

Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)

Жарайсыңдар.

Балалар ата-әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

Асылым.

Атамыз біздің панамыз

Атамыз біздің данамыз

Атадан ақыл аламыз

Атадай адам боламыз.

Усманхан .

Жаксы ісімізді мақтан кылып

Жамандықтан сақтандырып

Жүрген алтын ақ әже

Жүрсем деймін шаттандырып

Алинұр.

Немересін жаңынан артық көретін,

Екі еткізбей бәрін алып беретін

Әжелердің құшағында күн иесі

Еркелігі үзілместен күлетін

Дара:

Нағашы әжем анамның анасы,

Жиендердің ақылшысы санасы

Қонақ болып бара қалса үйіне

Бәйек болып қарсалады нағашы

Жарайсыңдар балалар, өте жақсы тақпақтар біледі екенсіңдер. Ендеше теледидарға назар аударайық.

Бейне тапсырмаға назар аудару. «Қарттарым – асыл қазынам»

Суреттер бойынша әңгіме.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

(Өз ойларын айтады).

Балалар шаршаған шығарсыңдар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Керегені құрайық
Уық болып иіліп
Шаңыраққа иіліп
Қазақ үйді құрайық,
Жарайсындар орынымызға отырайық
Дидактикалық ойын кімге не тиесілі
Ойынның шарты бойынша отбасы мүшелері бар суреттерге тиісті заттарын
қыстырғышпен қыстырады. Атаға- шапан , әжеге- ұршық әкеге- сағат, анаға –
орамал, балаға- велосибел , қызға- қуыршақ .
Балалар ата-әжелерін сендерді қалай еркелетеді?
(Балалардың жауаптары)
Қортынды: Қазақтар-«Төрінен қарт кетпесін»деп тілеген халық.
Жасы үлкенге құрмет ету , қарттың бүгілген беліне сүйе болу-біздің ата
дәстүріміз Өзінді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында
парыз-міндеті өлшеусіз.
«Балаларым,рахмет сендерге!
Балаларым болмасын деп бос кеуде,
Қобызымен қосып ән мен тіл брдің,
Өмірге мен мылқау болып енгенде
Балаларым,рахмет сендерге!», -деп Мұқағали Мақатаев атамыз айытқандай
міне, балалар , біз өзіміздің ата –әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол
қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу
арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара
аламыз. Қарттарымызды ардақтап өтейік ! Оларды сыйлаңдар, қадірлендер!
Балаларды мадақтау бағалау.

“Қартаарым асыл қазынам”

“Зерде” ортаның тобы

Тәрбиеші: Сағмындықова М.

Қазан, 2024 ж.



-Нұрай- жеке балабақшасы

Бекітемін:



Балабақша меңгерушісі: А.Бакешова

Тексерілді:



Балабақша әдіскері: А.Айғабыл

25-қазан

Республика күні

-Зерде- ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Сағындықова М.

2024ж.

Тақырыбы: «25 қазан-Республика күні»

Мақсаты: Балаларға Қазақстан туралы білім беру. Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін кеңейту. Қазақстан Республикасының рәміздеріне құрметпен карауға, туған елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Қазақстан Республикасының рәміздерінің суреті, слайд.

Әдіс-тәсілдері: көрнекілік, ойын. Видеоролик көрсету.

Шаттық шеңбері: Балалар бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті. Қане бәріміз қонақтармен жақсылап амандасып алайық.

Білгір казак баласы

Сәлем сөздің анасы

Тобымызға келіп отырған

Апайларға қарашы

Бәріне де ізетпен

Иліп сәлем береміз

Сәлеметсіздерме апайлар

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталады.

(Балалар орындарынан тұрып әнұранды айтады.

Бүгінгі тақырыбымыз: «Менің Отаным -Қазақстаным» республикамыздың рәміздері туралы болады.

Кіріспе әңгіме

— Балалар, біздің Республикамыз қалай аталады?

— Бас қаламыз қай қала?

— Біздің президентіміз – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Оны рәміздер деп атаймыз.

Біз әнді орындаған кезде қолымызды жүректің тұсына қоямыз. Өйткені біз мемлекетімізді жүрегімізбен жақсы көреміз.

Тудың түсі — көк, тудың сол жақ жиегі казак халқының оюымен өрнектелген. Тудың ортасында сары түсті шұғылалы алтын күн. Алтын түс пен сары түс байлықты, молшылықты білдіреді. Күннің астында бүркіт, қыран күс — еркіндік, бірліктің белгісі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар.

— Балалар, рәміздер, қалалар туралы қандай тақпақ, мақалдар білесіңдер?

Асылым: Көк туымды қолыма

Бүгін берік ұстадым

Түсті бакыт жолына
Менің Қазақстаным!
Бибіпұр: Алтын дәнді даласы бар
Ақ күмістей қаласы бар
Неткен сұлу, неткен көркем
Осы менің туған өлкем!

Осман: Елтаңбасы елімнің,
Неткен әйбат, әлемі,
Тұнығындай көңілдің,
Ортада — аспан әлемі.

Мақал-мәтелдер: Отан- оттанда ыстық
Отан отбасынан басталады.

Балаларға Қазақстан туралы видеоролик көрсетіледі

Ойын: «Киіз үй». Ойынның шарты: Тақтада тұрған киіз үйлі тақтап,
фонардың көмегімен киіз үйде не бар екенін табу керек.

Орталықтарға бөліну:

1-топ: Тудың бөліктерін жапсыру

2-топ: Көлеңкесін табу

3-топ: Оюларды бастырып сурет салу:

Қорытынды:

«Ыстық доп» әлісі.

- Бүгінгі оқу қызметі саған ұнады ма?
- Қазақстан Республикасының президенті кім?
- Рәміздер не жатады?
- Тудың түсі қандай?
- Туымызда ненің суреті бейнеленген?
- Елтаңбамызда не бейнеленген?
- Елтаңбаның пішіні неге үксайды?



25-қазан Педагогика күні!
“Зерде” моңы
 Тапбемілеп: Сабындықова М.



«Нұрай» жеке балабақшасы



Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
Л. Бакешова

Тексерілді:
Балабақша әліскері:
А. Айғабыл

Күз сыйы!

(Топ аралық Көрме - ертеңгілігі)

Орындаған: Жәдігер С.

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Күз сыйы»

Максаты: Балабақшамызда өткізіліп жатқан «Күз сыйы» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылдық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін бала санасына жеткізу. Өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.

Мерекеге сай безендірілген. Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Бүлдіршіндер тәрбиешімен бірге кіріп, орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар.

Жүргізуші: Қайырлы күн! Армысыздар құрметті ата аналар, ұстаздар және балабақша бүлдіршіндері! «Күзгі сый» атты көрме - ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!
Ел байлығын арттырған берекелі, мерекелі алтын күзімізде келіп жетті. Сары алтындай сары күз себетке толы жемісін, қамбаға толы егінін сыйлайды.

Кездескен соң күзімен,
Бұтағынан үзілген.
Ай, жапырақ сары алтын,
Айналаның барі алтын.
Қуандырып біздерді,
Мерекелік күз келді.
Кел, жемісті алтын күз,
Кемелденсін халқымыз.

Сөз кезегін балабақша меңгерушісі Лаура Қонысқызына береміз

Номенация бойынша бағалайтын әділ қазы алқасымен таныстырып өтейін:

1. «Оюхан» тобының ата-ана комитеті Ешмуратова Гүлнұр Умирбаевна
2. «Шаңырақ» тобының ата-ана комитеті Ордабай Әйгерім
3. «Зерде» тобының ата-ана комитеті Амантай Алтынай Еркінқызы

Қызыл жасыл, сары алтындай
Жапырақтар күздің көркі
Ән салайық, би билейік
Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге

Ортада Хор «Оюхан» тобының бүлдіршіндері.

Күз айы тамаша,

Ән айтайық жанаша,

Би билеп бәріміз,

Қуанайық балаша! –дей отырып ортада »Зерде» тобының
ханшайымдары

«Зонтик» биі. (тамашаланыңдар)

- Бәрежелді, керемет!

Теңіздей тербетіле көл бетіне,

Бишілер билеп кетті тербетіле.

Аққудай қалықтаған теңіздегі,

Бишілеріміз өнерлерін көрсетуде.

«Шанырақ» тобының ұлдары.

Би: «Теңізшілер»

Алтын нұрдай тамшылап, жапырақтар төгілді
Біздің өмір таң шуақ, біздің өмір көңілді
Біреу астық түсіріп, біреу бидай ұшырып,
Жатқан мезгіл күз екен, алдым соны түсініп.

Келесі кезегімізді әнге берейік

Зайраның орындауында Ән: «Күзгі бақ»

Сарғайды тоғай, сап-сары манай

Соңғы әнің айтып, құс кетті қайтып

Жапырақ ұшты, суық та түсті

Сонда да бізге, қызық көп күзде.

Ортада «Зерде» тобының ұлдары

«Күзгі жол» биі

Жапқандай жапырағымен айналаны

Қуантып байлығымен халқымды

Бір қуантып қайту үшін біздерді

Сабырлы ,сары алтын күз келді.

Ортаға «Шаңырақ» тобы «Қолшатыр» жұптық би.

Тоңазып атырап,

Көп жеміс піседі.

Сарғайып жапырақ,

Саудырап түседі.

Аспанды сұрғылт бұлт,

Жан-жақтан жабады.

Күнбірте суытып,

Жауын көп жауады. –дей отырып ортада

«Тамшы» биі «Зерде» тобының қыздары

Ал балалар тұрмайық

Би билейік бәріміз

Алтын күзде бүгінгі

Шырқап әнге салайық-деп

«Кап-кап, тук- тую» әнін тыңдаңыздар.

Ортада «Зерде» тобының бүлдіршіндері.

Берекесі сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға
Шакырады біздерді

Ән салындар күліндер
Жайнап гүлдей жүріндер.
Күздің тойын тойлайық
Би билейік, ойнайық.

«Жаңбыр» биін тамашалайық. Ортада «Шаңырақ» тобының сұлу қыздары

Жеміс мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Ортада хор «Оюхан» тобының бүлдіршіндері

Күздің кереметі, байлығы өте көп.
Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге,
жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп
енбек ету керек. Сондықтан сендер еңбекшіл болындар.

Келесі кезекті көрмеге берсек

«Зерде» тобы күзгі салаттар
«Шаңырақ» тобы күзгі көкөністер
«Оюхан» тобы күзгі қалдықтар

Сөз кезегін әділ қазыларға берейік

Күн суытып келеді, жапырақтар түседі.
Астық-жеміс жиылды, камбамызға құйылды.
Ардақты күз –мың алғыс, алдык өнім сыйынды.

Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз-ырыс, береке, бірлік ала келді.

Осымен «Күз сыйы» атты көрме-ертеңгілігіміз аяқталды.
Әр отбасыларыңызға бақыт, береке тілеймін!
Сау болыңыздар!



«Кыз сыйың» Топ аралык көрме байқауы

Казан, 2024 ж.



«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі: Л. Бакешова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері: А. Айғабыл

«Тәуелсіз елім-Қазақстан»

(тәрбие сағаты)

11.12.2024ж

«Зерде» ортаңғы тобы.

Тәрбиешілер: Жәдігер С.

Сағындықова М.

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Тәуелсіз елім – Қазақстан»

Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні туралы түсінік беру, балаларды ұлттық сезімге баулу, балаларды Отанын сүюге, ұлт жандылыққа тәрбиелеу. Тақпақтар арқылы ой-көрісін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал ету.

Қажетті көрнекі құралдар: Қасым-Жомарт Тоқаевтың суреті, рәміздердің суреттері, буклет, гуашь, ылғалды майлықтар, желім, дидактикалық ойынға арналған үлестірмелі материалдар және т.б.

Әдіс-тәсілдер: Дәстүрден тыс сурет салу, ойындар және т.б.

Тәрбиеші: Балалар бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті. Қане бәріміз амандасып алайық.

Шаттық шеңберді орындау:

Шеңберге тұрайық,

Шаңырақты құрайық.

Уықтар болып піліп,

Киіз үйді құрайық.

Қазақстан айбыным,

Өзіңсің менің ай күнім.

Құтты болсын мереке,

Арта берсін береке.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымызды еліміздің әнұранымен бастайық.

— «Әнұран»

Балалар, бүгінгі тақырыбымыз «Тәуелсіз елім – Қазақстан» деп аталады.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғанына биыл 33 жыл болды. Өз бетімен ешкімге бағынбай өмір сүрген елді тәуелсіз ел деп атайды. Осы күнге жету үшін қазақ халқы талай қиыншылықты бастан кешірді. Осыдан 33 жыл бұрын Алматы қаласында жастар көтерілісі болды. Қайсар батырларымыз Ләззат Асанова, Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхамеджанова ерлік көрсетті. Осындай жастарымыздың арқасында қазіргі кезде бейбіт тыныш өмір сүріп жатырмыз. Еліміз өркендеп жайнаууда. Балалар осы мемлекетте тұрғандықтан өз елімізді, жерімізді қадірлеп, қастерлеуіміз керек. Желтоқсан құрбандарын еске алайық (1 минут үнсіздік).

Усманхан: Әнураным, жан ұраным

Айтар әнім, айтар сөзім

Туған жерім сағынарым

Жүрсем де мен дүние кезіп!

Селина: Толтырған гүлге даланы

Жайнатқан ауыл-қаланы

Ардақты атамекенім

Отаным – Қазақстаным!

Нүрислам: Бақытты боп жүргенім

Сенің арқан Қазақстан!

Елім менің тірегім,

Күшағында гүл атам!

Балалар қалаған ойын алаңына бөлінеді.

1-топ: «Күн» ойыны.

Шарты: Күннің шуағын орналастыру.

2-топ: «Ғажайып құс» ойыны.

Шарты: Қыран құстың бейнесіне дайын қиындыларды жапсыру.

3-топ: «Әдемі жалауша» ойыны.

Шарты: Қылқалам арқылы жалауды бейнелеу.

4-топ: «Әжемнің оюы» ойыны.

Шарты: Оюларды түстеріне карай желімдеу.

Балалар шеңберге жиналып «Әжемнің текеметі» ойының ойнайды.

Шарты: Оюлы текеметті құрастыру.

Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Тәрбиеші: Ұлтымыз қандай?

Балалар: Қазақ.

Тәрбиеші: Ұлттық валютамыз қалай аталады?

Балалар: Тенге.

Тәрбиеші: Балалар ҚР рәміздеріне не жатады?

Балалар: Ту, Елтаңба, Әнұран.

Тәрбиеші: Туда ненің суреті бейнеленген?

Балалар: Күн, бүркіт, ою-өрнек.

Тәрбиеші: Әнұран музыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар Жұмекен Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев.

Тәрбиеші: **Дұрыс.** Күн бейбітшілікті, байлықты білдіреді, ал қыран бүркіті-тәуелсіздіктің белгісі. Ою-өрнек қазақ елінің дәстүрін білдіреді.

Ал Елтаңбадан ненің суреттерін көруге болады?

Балалар: Пырақ, шаңырақ, жұлдыз, «Қазақстан» деген жазу.

Тәрбиеші: Жұлдыз жарықты білдіреді, тұлпар-батырлық пен қайраттың нышаны. Шаңырақ-ошақ амандығын білдіреді.

Ал енді Тәуелсіздік мерекесіне арналған тақпақтарымен ортаға бұлдіршіндерімізді шақырамыз.

Бибінур: Отанның қасиетті тілін сүйем

Отанның қасиетті күнін сүйем

Отан, Отан, Отан!

Бәріненде биік екен!

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем!

Аруназ: Бейбіт таңдар арайлап атады

Туған жерді аялайды шапағы

Байтақ елім – Ұлы Қазақстаным!

Ең бақытты балалардың Отаны,

Айбибі: Қазақстан азат елім

Таңғажайып туған жерім

Тек сен үшін мақтанамын

Қазақстан – елім менің

Бекайым: Астана – арман қала

Бағы бір жанған қала

Тұрасың жап жас болып

Мен үлкен болғанда!

А.Аяла: Көгінде көк нұрын төккен

Жерінде гүл жұпар сепкен

Неткен сұлу. Неткен көркем!

Осы менің туған өлкем!

Жұма: Отан деген-атамекен

Отан деген- туған жер

Отан- Ава. Отан-үлкен

Қазақстан –туған ел!

Нурикамал: Елтаңбасы елімнің

Неткен айбат әдемі.

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

С.Осман: Құт береке шаңырақ

Орын алған ол төрден

Қанатты қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген

Асылым: Тәуелсіздік жолында

Талай-талай тер тамған

Билігім өз қолымда

Еркіндігім – Елтаңбам!

С.Аяла: Елбасымыз жолдайды

Халық оны қолдайды

Ешқашанда орынсыз

Шешімдері болмайды.

Мариям: Көк туымды қолыма

Бүгін берік ұстадым

Түсті бақыт жолына

Менің Қазақстаным!

«Ой ашар» сұрақ жауап әдісі

Біздің мемлекетіміз қалай аталады? (Қазақстан)

Ел басымыз кім? (Қасым-Жомарт Тоқаев)

Қазақстанның астанасы қалай аталады? (Астана)

ҚР рәміздеріне не жатады? (Ту, Елтаңба, Әнұран)

Қорытындылау: осындай тәуелсіз Қазақстан елінде тату-тәтті ғұмыр кеше берейік дей келе, бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Аспанымыз ашық болып көк туымыз көгімізде желбірей берсін.

«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін: *Ваш*
Балабақша менеджерісі: Л.Бакешова

Тексерілді: *Айтабыл*
Балабақша әдіскері: А.Айтабыл

Жарқыраған Жаңа жыл!

«Ақшақар және гномдар» ертегі желісі бойынша.

«Зерде» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Сағындықова Мәдина

Жәдігер София

2024-2025 оқу жылы

Жарқыраған Жаңа жыл!

Тақырыбы: «Ақшақар және гномдар» ертегі желісі бойынша.

Мақсаты: Балалардың өнер көрсетуге деген қызығушылықтарын оятып, ертенгілік барысында өздерін дұрыс ұстай білуге дағдыландыру. Такпак, ән айтқызыу арқылы сөйлеу мәнерін қалыптастыру, көңілді ортаға баулу.

1-сахна: (Сахна сыртында автор дауысы) Ерте, ерте, ертеде Ақшақар есімді ханшайым өмір сүріпті. Оның өзімішіл әрі жауыз өгей шешесі Патшайым Ақшақардың сұлулығы өзінікінен асып түсерме екен деп уайымдап қызғанады. Сондықтан ол кішкене ханшайымның үстіне жыртық киім кигізіп ас үйде жұмыс жасауға мәжбүрлейді. Әр күн сайын катігез Патшайым сиқырлы айнасынан «Айнам менің айтарма екен, бұл дүниеде менен асқан сұлуды байқар ма екен?!» деп сұрайды. Ал айна сенен асқан сұлу жоқ деп жауап бергендіктен ханшайым катігез Патшайымның зұлымдығынан аулақ болады.

2-сахна:

Сахнаға Патшайым шығады: Шуақ сыйлар айнамсың, барлығын көруші тек бір өзіңсің. Саған қояр сұрағым бар менің.

Айна: Не білгіңіз келеді, Патшайымым!

Патшайым: Айнам шындықты айтар ма? Осы сарайда менен асқан сұлу барма?

Айна: Сіздің сұлулығыңыз бәрінен артық. Бірақ... Сізденде сұлу бір қыз бар. Оның сұлулығына ештеңе тең келмейді. Әдемілігі сізден мың есе артық.

Патшайым: Соңша сұлу болса есімін айт. Кім?

Айна: Еріндері шиңдей қызыл, шапшы қарақаттай қара, денесі қардай ашпақ.

Патшайым: Ақшақар... мен оны сарайдан қуып шығамын...Бұл сарайда менен асқан сұлу болмауы керек.

3-сахна:

Сахнаға Ақшақар ханшайым келеді.

Ханшайым: Ой неткен ғажайып үй. Орындықтың кішкентайын-ай. Қызық мұнда кімдер тұрады екен?

Сахнаға гномдар шығады.

Гномдар: Мұнда біз тұрамыз. Сен кімсің?

Ханшайым: Мен Ханшайыммын. Мені Патшайым сарайдан қуып жіберді. Орманнан адасып жүр едім, мына орман тұрғындары мені осы үйшікке алып келді. Сендермен бірге тұруға рұқсат бересіңдерме?

Гномдар: ия біз Жаңа жыл тойлаймыз. Біздің достарымызды шақырайық.

Сахнаға топтың барлық балалары шығады.

Ханшайым: Қандай керемет Жаңа жыл келе жатыр. Мерекені сезініп көңіл-күйім көтеріліп қалды. Ендеше мерекемізге тағы кімдер жетіспей тұр, достар? Әрине. Аяз ата мен Ақшақар. Кәне барлығымыз бірге шақырайық.

Сахнаға Аяз ата мен Ақшақар шығады!

Ханшайым: Қош келдіңіздер! Төрге жайғасыңыздар! Аяз ата, Ақшақар орман тұрғындары бізге қонақ болып жиналып қалыпты. Менің достарымның дайындаған өнерлерін тамашалаңыздар!

Аяз ата мен Ақшақар тілек айтады.

Ханшайым: Достар, қараңдаршы, айнала неткен керемет. Әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бірақ шыршамыз көңілсіз. Аяз ата қане сиқырлы таяғынның көмегімен шырша шамын жағайық. Ал достар біз сиқырлы сөзімізді бірге айтайық.

Қуант бізді, тапырқат, Шамларыңды жарқырат! 3-рет

Ханшайым: Міне керемет, жақсы болды! Шыршамызда жарқырап шыға келді. Ал енді бәріміз бірге қол ұстасып ән шырқайық!

Хор: «Жаңа жыл келді»

Балалар орындыққа жайғасады.

Ханшайым: Ал гном достарым, кереметтей мерекені өздерің өнерлеріңді көрсетіп бастап бермедіңдерме. Үй егесі өздерің, қане көрсетіңдер өнерлеріңді! **Би:** «Гномдар»

Ханшайым: Жүзімізден күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз.

Ортада ән шырқайтын Бибінуір мен Асылымға қошеметтеріңізді аямаңыздар!

Ән: «Шырша, шырша, шыршамыз» Бибінуір, Асылым

Ханшайым: Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз
Би билейік баршамыз!

«Шырша» биі.

Ханшайым: Аяз ата Аруназ бен Усманхан досымның сізге арнаған ән пашуы бар екен. Қабыл алыңыз!

Ән: «Біздің Аяз ата» Аруназ, Усманхан.

Ханшайым: Келді тағы Жаңа жыл
Қуантумен біздерді
Құтты болсын қуаныш
Құттықтайды сіздерді.

Санта клаус достарымыз карап тұрама, олардың да өнерлері бар екен. Кәне бәріміз қошеметтеп, ортаға шақырайық!

Жұптық би: «Санта клаус»

Сахнаға Мыстан кемпір келеді. Ол сиқырлы алма алып келеді.

Мыстан: Мереке құтты болсын, достар! Дауыстарыңды сонау орманнан естіп келген жайым бар! Ханшайым саған арнаған сыйлығым бар! Бұл сиқырлы алма! Бұл алманы тілегіңді айтып жейтін болсаң бар тілегің орындалады.

Ханшайым: Рас па?

Мыстан: Ия, ия, тілегіңді айтып бір тістей ғой

Ханшайым: Менің бар тілегім, келе жатқан Жаңа жылымыз берекелі, мерекелі, молшылыққа толы жыл болсын! (Алманы тістеп ұйықтап қалады)

Мыстан: Бұл сарайдағы Патшайымның сыйлығы болатын. Ханшайым енді мәңгілік ұйқыға кетті. (Мыстан шығып кетеді)

София апай: Достар енді қайттік? Ханшайымды қалай оятамыз. Балкім достар бәріміз бірге Ханшайым деп даустап айтсақ естіп оянып қалар. Бәріміз бірге «Ханшайым» деп айтайық.

София апай: Ханшайым әліде оянбады. Аяз ата бізге көмектесші. Сиқырлы таяғыңмен Ханшайымды оятып көрші.

Аяз ата сиқырлы таяғымен Ханшайымды оятады.

Ханшайым: Маған не болды? Мереке аяқталып қалды ма?

София анай: Алақай, достар Ханшайым оялды. Сені мыстан кемпір сиқырлап тасталды. Аяз ата сиқырлы таяғымен сені оятып алды.

Ханшайым: Аяз ата, достарым сендерге көп рақмет! Қане ендеше мерекемізді одан әрі жалғастырайық. Ортаға әнші қыздарымызды шақырайық.

Ән: «Аяз ата сыйлығы» Нурикамал, Аяла, Айпатша

Ханшайым: Әуелейді әніміз
Жана кірді сәніміз
Ақшақарды ортаға алып
Би биелейік бәріміз.

Би: «Ұлпақарлар»

Ханшайым: Ал достарым, ән айтып, би биеліп өнерімізді көрсеттік. Ендігі кезекте такпақ айтып Аяз атаның қалтасынан сыйлығымызды алайық!

Такпақтар:

Жаңа жыл келгенде
Қуанып қарсы аламыз
Аяз ата келгенде
Билейміз, ән саламыз! **АЙПАТША**

Жылдың әсем бұл шағы
Шыр айналдық шыршаны
Шоқ жұлдыздай көрікті
Жымың қағып тұр шамы **АРҰ-НАЗ**

Ақ таяғын таянып
Танмен бірге оянып
Аяз ата келіп тұр
Аппақ қардай оранып **БЕКАЙЫМ**

Ақ сақалды, таяқты
Қалың қырау қабақты
Аяз ата аямай
Бізге сыйлық таратты **АЛИНҮР**

Жаңа жылда жаңаша
Жақсы такпақ айтамыз
Болсын риза балаша
Аппақ аяз атамыз **АЙБИБІ**

Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Кел билейік баршамыз **АСЫЛАЙ**

Аспан жерге төгеді
Ақ күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап **АСЫЛЫМ**

Сақалының ұзынын-ай!
Саудыраған мұзын-ай!
Жарқыраған оттары,
Жаңа жылдың қызығын-ай! **АРСЕН**

Ескі жылға ризамыз
Өсе түсті бойымыз
Талай сырға қанықпыз
Шарықтады ойымыз **А.АЯЛА**

Жылдың әнін бастайын
Аяз ата кеп қалды
Майысады жас қайың
Көтере алмай көп қарды **НУРИ**

Жаңа жылым жол болсын
Басқан кадам оң болсын
Төрлет, төрлет жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын! **УСМАНХАН**

Кел Жаңа жыл, Жаңа жыл!
Қарсы аламыз біз сені.
Ақ көңілмен, ақ пейілмен
Бакшамыздың төрінде **БИБИ-НҮР**

Көрікті шыршамыз
Шамдары самғаған
Көңілді ортамыз
Айтамыз шырқап ән **С.АЯЛА**

Аяз қысып, өрнек сызып
Терезені торлайды
Қарға омбығып, бет домбығып
Балдырғандар ойнайды **ОСМАН**

Жаңа жыл, жаңа жыл!
Жаңа жылда жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр! **БЕКАРЫС**

Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса **ДАРА**

Қандай әсем шартарап
Шаттық күйге бөлеп тұр
Кәмпіттерін арқалап
Аяз ата келіп тұр **НҮРИСЛАМ**

Келді міне Жаңа жыл!
Қарсы алайық бәріміз
Күліп ойнап, би билеп
Ән салайық бәріміз **ИБРАҺИМ**

Ханшайым: Ал достарым, мерекенің де соңына таяп қалды. Аяз ата мен Акша қарымыз сапарға шығатын уақыты болды. Ақ жол тілеп, шығарып салайық. Сау болыңыздар, Аяз ата, Акшақар келесі мерекеле жүздескенше аман болыңыздар!

Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып **ЖҰМА**

Тілеймін мен бар әлемге -
Дос көп болсын Жаңа жыл
Ата-әже, әке-ана
Құтты болсын Жаңа жыл **АҚЖАН**


Тамаша сый алып
Келді аяз атамыз
Шаттанып қуанып
Шырқап ән айтамыз **СЕЛИНА**

Ақ қырауға малынған
Сакалы да, мұрты да
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына **САРДАР**

Келді міне жаңа жыл
Қарсы алайық бәріміз
Күліп ойнап би билеп,
Ән салайық бәріміз! **МАРИЯМ**

Келіңдер, келіңдер!
Такпақ айтып беріңдер!
Жомарт Аяз атадан
Сыйлық алып көріңдер! **ЖАНСАЯ**


Аяз ата келіп тұр
Бізге сәлем беріп тұр
Такпақ айтқан балаға
Сылықтарын беріп тұр **ӘМИНА**
Келіңдер, келіңдер
Такпақ айтып беріңдер
Жомарт Аяз атадан
Сыйлық алып көріңдер
ЭЛЬДАР



Орман тұрғындары сіздерге де алғыс айтамыз! Ертегі осымен аяқталды. Мен Ханшайым және Қарша қыз бірге мына кішкентай бүлдіршіндермен бірге жаңа жылға қадам басқалы отырмыз! Келе жатқан Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жылымыз берекелі, табысты жыл болсын! Көріп тамашалағандарыңызға көп рақмет!

Мерекелік құттықтау сөз кезегін Балабақша меңгерушісі Лаура Қоныскызы өзіңізге береміз!

Құттықтау тілектер.
Балалардың сыйлығын тарату.



Жарысыраан
Жанга Жыл!
«Эрге» опмагым моды
24.12.2024ж

